



"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы Мұнайгаз өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастық туралы шартты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 27 қазан N 1090

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы Мұнайгаз өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастық туралы шартты бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қаруына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі
арасындағы Мұнайгаз өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастық
туралы шартты бекіту туралы

1997 жылғы 11 қарашада Алматы қаласында жасалған Қазақстан
Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы Мұнайгаз өнеркәсібі
саласындағы ынтымақтастық туралы шарт бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі
арасындағы Мұнайгаз өнеркәсібі саласындағы
ынтымақтастық туралы

ШАРТ

Бұдан әрі Уағдаласуши Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Грузия Үкіметі,

тату көршілік қарым-қатынастарды бұдан әрі дамытуға және нығайтуға
ынталана отырып,

екі жақты өзара тиімді экономикалық ынтымақтастықты дамытуға тілек
білдіре отырып,

Уағдаласуши Тараптар мемлекеттері экономикасының тиімді жұмыс істеу және
өзара іс-қимылының негізін салушы факторы ретінде екі мемлекеттегі мұнайгаз
өнеркәсібінің дамуына ерекше маңыз берे отырып және бұл саланың Орталық Азия
және Кавказ аймақтарын дамыту үшін ерекше рөлі мен орнын түсіне отырып,

Уағдаласуши Тараптардың көмірсуге қорларын тиімді пайдалану және
запастарын нығайтуда барлау жасау, өндіру, қайта өндеу, тасымалдау облысында,
сондай-ақ көмір сутектерінің және олардан қайта өндеген өнімдерді сатуда
ынтымақтастық үшін қолайлы жағдай жасауда екі жақтың мұддесін ескере отырып,

Қазақстан Республикасының халықаралық рынокқа өз көмірсуге қорларын
тасымалдаудың сенімді және тиімді жолдарын дамытуға ұмтылысын ескере отырып,

Грузияның оның аумағында Қазақстан Республикасынан көмірсуге шикізатын
тасымалдау үшін көлік арнасын құру туралы ұсынысын назарға ала отырып,

ішкі және халықаралық рынокқа екі мемлекет аумақтары арқылы көмірсуге шикізатын транзиттеу үшін қолайлы жағдай жасауға жәрдемдесе отырып және 1994
жылғы 17-желтоқсандағы Энергетикалық Хартияға Шарттың ережелерін ескере
отырып,

төмендегілер жайында уағдаласты:

1 - б а п

Уағдаласуши Тараптар өзара тиімді негізде іс-қимыл жасай отырып, мұнайгаз
өнеркәсібі саласындағы және оның инфрақұрылымына ықпал ететін салалардағы
ынтымақтастықты жан-жақты дамытатын болады.

2 - б а п

Уағдаласуши Тараптар өз мемлекеттерінің аумақтарында мұнайгаз өнеркәсібінің әр
түрлі секторларында Уағдаласуши Тараптар мемлекеттерінің реттелетін заңдарының
нысанына және процедураларына сәйкес өзара тиімді бірлескен қызметін жүзеге

асыруда Уағдаласуши Тараптар мемлекеттерінің шаруашылық субъектілеріне қажетті жәрдеммен қамтамасыз етеді.

3 - б а п

Уағдаласуши Тараптар екі мемлекет Тараптарының заңдарына қайшы келмейтін келісім-шарттар негізінде басым мағынасы бар барлау, жасау, өндіру, қайта өндеу, көмір сутегін және ықпалды инфрақұрылымды тасымалдау және сатуда Уағдаласуши Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі және Грузияның Жылу және энергетика министрлігі жобаларындағы өкілдеген мемлекеттік органдардың жеке және заңды тұлғалардың қызметіне жәрдемдесетін болады.

4 - б а п

Уағдаласуши Тараптар өз мемлекеттерінің аумақтары арқылы Уағдаласуши Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында өндірілген немесе оларға сондай-ақ үшінші елдерге жататын көмірсүтектері, олардан өнделген өнімдер және олардың тауарларды өндіруге байланысты қажеттіліктерді транзит, тасымалдау, жинақтау, сактау, тиесу, қабылдан өткізу және өзге жұмыстары үшін өз мемлекеттерінің аумағында қолайлы жағдай жасайды.

Уағдаласуши Тараптар олардың аумақтары арқылы өтететін көлік арнасын тұрақты, қауіпсіз, тиімді жұмысы үшін заңды және экономикалық база жасауға қажетті шараларды қабылдауды.

Уағдаласуши Тараптар осы Шарттың мақсатынан туындастырын бір-бірінің мұддесіне зиянын келтіруге әсер ететін қайсыбір іс-қимылдарды қолданбайтын болады.

5 - б а п

Уағдаласуши Тараптар көмірсүтегі олардан өнделген заттарды тасымалдау үшін транзиттік, көлік және құбыр жүйелерін жедел басқарудағы (оның ішінде телекоммуникациялық) келісілген сыйбаларын құру және дамытуға жәрдемдесетін болады.

6 - б а п

Уағдаласуши Тараптар мұнайгаз өнеркәсібі объектілерінде және ықпалды инфрақұрылымда табиғат зілзалаларын, аварияларды, басқа төтенше жағдайларды

ескерту үшін бір-біріне қажетті көмек көрсететін болады, сондай-ақ айналадағы қоршаған ортаны қорғау объектілердегі адамдардың

өмірі мен денсаулығын қорғау және/немесе бірлескен мұдде жобаларында тиісті қауіпсіздік бағдарламасын даярлау және жузеге асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдайды.

7-бап

Уағдаласушы Тараптар мұнайгаз өнеркәсібіндегі, сондай-ақ ғылыми-техникалық ынтымақтастық және мамандарды оқыту мәселелері бойынша өзара тиімді байланыстарды бұдан әрі дамыту мақсатында үнемі консультациялар өткізіп тұрады.

8-бап

Уағдаласушы Тараптар өзара келісім арқылы осы Шартқа қажетті толықтырулар мен өзгертулер енгізе алады.

9-бап

Уағдаласушы Тараптар осы Шартты қолдануда және/немесе түсіндіруде туындаған даулар мен пікір алшақтықтарын шешу үшін келіссөздер мен консультациялар жүргізетін болады. Осы тұста жалпы қабылданған халықаралық нормалар мен ережелерді, сондай-ақ 1994 жылғы 17-желтоқсандағы Энергетикалық Хартияға Шарттың тиісті ережелерін басшылыққа алады.

1 0 - б а п

Осы Шарт соңғысының Уағдаласушы Тараптардың оның күшіне енүі үшін қажетті ішкі мемлекеттік процедураларды орындайтыны жайлы жазбаша хабарлаған күннен бастап күшіне енеді және Уағдаласушы Тараптардың бірі екінші Уағдаласушы Тарапқа өзінің Шарттың қолданысын тоқтататыны туралы

ниетін жазбаша нысанда хабарлаған күннен бастап алты ай ішінде күшінде болады.

Алматы қаласында, 1997 жылғы 11 қарашада екі тұпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, грузин және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіннің бірдей занды күші бар.

Осы Шарттың ережелерін түсіндіру мақсаты үшін орыс тіліндегі мәтін пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Грузияның

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК